

**Махамбет ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 81 шешімі. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2025 жылғы 31 наурыздағы № 183 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 31.03.2025 № 183 шешімімен (01.04.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Махамбет аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Махамбет ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат төрағасы*

*К. Мажиев*

Махамбет аудандық  
мәслихатының 2023 жылғы  
15 желтоқсандағы № 81  
шешіміне қосымша

**Махамбет ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері**

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығынсыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғын айына	265,40
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айына	285,06
Бір бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	1965,93